

Өңірде республикалық «Халық заңгері» акциясы өтті. Елімізде бір күнде, бір сағатта басталған акцияға өңірдегі 50-ге жуық үздік заңгерлер мен адвокаттар, мемлекеттік орган басшылары қатысып, халыққа заң, құқық және басқа да сұрақтар бойынша кеңес беріп, көмек көрсетті.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» акциясы өтті



Құқықтық көмекке жүгінген 100-ден астам тұрғын тегін кеңес алды. Шараға қатысқан тұрғындарға білім, еңбек, денсаулық, жер, жол, салық, экология салаларының мамандары және полиция, әділет органдарының өкілдері кеңес берді.

Акцияны ұйымдастырушылар – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, zakon.kz желілік басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік билік органдары және үздік заңгерлер мен адвокаттар.

Шараның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң жөнінен көмек көрсету.

– Бүгін Қазақстан бойынша бір уақытта халыққа тегін құқықтық көмек көрсетілді. Мұндағы мақсат – тұрғындардың құқықтық деңгейін көтеру. Маңғыстаулықтар шараға белсенді қатысты. Халық тарапынан қойылып жатқан негізгі сұрақтар – тұрғын үй және сот шешімдері шығып, оларды өндіре алмай жүрген тұрғындардың мәселесі. Оларға әділет департаменті, сот орындаушылары кеңестерін беруде. Одан бөлек бизнес мәселесі бойынша да кей азаматтар өз сұрақтарымен жүгінуде. Олар мемлекеттен қаржылай қолдау алып, бірақ

оны мақсатты пайдаланбай, қарыздарын кері қайтару мәселесі жөніндегі сұрақтарына кеңес алуда, – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасарының міндетін уақытша атқарушы Біржан Хайруллин.

Бір шараға топтастырылған түрлі сала мамандарынан кеңес алған тұрғындар шараның зор пайдасы бар деп есептейді. Өйткені бір уақытта бірнеше маманнан кеңес алып үлгерген келушілер болды.

– Бүгін заңгерлік тегін кеңеске келдім. Полиция департаменті, дін істері басқармасы, мемлекеттік қызметке қатысты сұрақтарымды мамандарға қойып, нақты жауап алдым. Осындай шаралар жиі-жиі болып тұрса халықтың сауаты артар еді деп ойлаймын, – дейді қоғам белсендісі Мир Жәйлиев.

Айта кетейік, «Халық заңгері» акциясы форматы жағынан ғана емес, сондай-ақ ауқымы мен географиясы бойынша да әлемде теңдесі жоқ шара екенін айтады ұйымдастырушылар.

Үстел теннисі: Универсиада жеңімпаздары анықталды

Ақтау қаласында өтіп жатқан студенттер арасындағы XII жазғы универсиада ойындарында үстел теннисінен жеңімпаздар анықталды. Бұл туралы Yessenov университетінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жарыста еліміздің 16 жоғары оқу орнынан келген 50-ден астам спортшы сынға түсуде. Ұлдар арасында I орын – Санжар Жұбановқа (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті); II орын – Ырысбек Артықметовке (Ө.Құатбеков атындағы Халықтар достығы университеті); III орын – Бақдәулет Әкімәліге (Ө.Құатбеков атындағы Халықтар достығы университеті) бұйырса, қыздар арасында I орынды – Сарвиноз Саидмуратханова (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті); II орынды – Айзере Зейнулла (Павлодар педагогикалық университеті); III орынды – Шәрипа Борсақбаева (Шымкент университеті) иеленді.

Ұлдар командасы бойынша I орын – Ө.Құатбеков атындағы Халықтар достығы университетіне, II орын – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, III орын – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне тиесілі болды.

Қыздар командасы бойынша I орынды – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, II орынды – Павлодар педагогикалық университеті, III орынды – Шәкәрім университеті қанжығасына байлады.

Жарысқа 16 ұлдар командасынан 48 спортшы және 15 қыздар командасынан 45 спортшы қатысты. Ұлдар арасындағы командада Ө.Құатбеков атындағы халықтар достығы университеті басым түсті. Ал қыздар арасында Қазақ ұлттық педагогикалық университеті атынан келген команда топ жарды.

Ақтау универсиадасының үздіктері Қытайдың Чэнду қаласында өтетін XXXII дүниежүзілік универсиадаға және II Түркі универсиадасына жолдама алады.

Айта кетейік, сайыс Ақтауда 22 маусымға дейін спорттың жүзу, таеквондо, дзюдо, шахмат, жеңіл атлетика, футбол, тоғызқұмалақ, каратэ-до, баскетбол, бадминтон, волейбол, еркін күресі, әйелдер күресі, бокс, грек-рим күресі, қазақ күресі түрлері бойынша өтеді.

Ашық аспан астындағы бейбіт өміріміз бен көк туымыздың желбірегені ел үшін тәуекелге басын тіккен ата-бабаларымыздың еңбегінің жемісі мен нәтижесі деп білеміз. Осы азаттықты армандап, Қазақстанның бүгінгідей ел болып қалыптасуына үлес қосқан, тәуелсіздікті аңсаған бабалар рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтарының азаматтық парызы!

Қадірменді қауым! Тарихымызға өшпес із қалдырған бұл жылдардың көрінісін өткенімізге салауат, бүгінгімізге қанағат ету үшін жадымыздан шығармауға тиіспіз!

Бірлігі мен берекесі жарасқан тәуелсіз Қазақстанның болашағы баянды, келешегі кемелді болсын! – деді Нұрлан Асқарұлы.

Жобалы офистің 2022 жылғы жоспарына сәйкес «Отызыншы жылдар ойраны» атты Маңғыстау өңіріндегі саяси қуғын-сүргінге қатысты архив құжаттары және 1985–2022 жылдары мерзімді баспасөз беттеріне саяси қуғын-сүргін тақырыбында жарық көрген мақалалар жинақтары шықты. Бұл жинақтардың әрбірі 250 беттен, 250 дана болып таралды.

Сонымен қатар «1931 жылғы Адай көтерілісіндегі соғыс ошақтары» картасы әзірленген. Архив құжаттарына сүйене отырып жасалған картаның сипаттамасында жүздеген көтеріліс



ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕУ – ҰЛТ ПАРЫЗЫ

басшылары мен ОГПУ офицерлерінің соғыс қимылдары және қозғалыс бағыттары көрсетілген.

Комиссия отырысында қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары есте-

ліктерін айтты. Жиын соңында саяси қуғын-сүргін құрбандарын зерттеуге үлес қосқаны үшін бірқатар азаматтар облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ның нысандары үшін 2023-2024 жылдарға арналған Маңғыстау ауданында орналасқан жобалары: «Атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының жол берілетін шекті нормативтерінің жобасы (түзету)», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары», жобалар құрамына өндірістік бірлестіктің негізгі және қосалқы өрекеттері, сонымен қатар жоспарланған өрекеттер жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстар/қызметтер кіреді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдері).
Қоғамдық тыңдау өткізілетін аймақ	Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті
Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны	2023 жылдың шілде айының 4 жұлдызында сағат 11:00-де аудандық әкімшілігінің мәжіліс залында қоғамдық тыңдаулар өткіземіз, сонымен қатар егер де мәжіліс залы бос болмаған жағдайда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылының мәдениет үйінде өткізіледі. Карантиндік режим жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдау бейнеконференция (Microsoft Teams платформасы) арқылы өтеді. Конференция идентификаторы: https://www.mem.lip.kz/images/bnrs/partner_4.png .
Құжаттамын әзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті, қоршаған ортаны және парниктік газдарды қорғау қызметі, Кожаяева С., тел.: 8 (7292) 21-11-34.
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://ecoportal.kz .
Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекен-жайы	s.kozhaeva@mmg.kz .
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы – Ағланова Арайлым, Тел.: 8 (7292) 43-10-88.
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы	mpur@mangystau.gov.kz , Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru .

№351

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ның нысандары үшін 2023-2024 жылдарға арналған Маңғыстау ауданында орналасқан жобалары: «Атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының жол берілетін шекті нормативтерінің жобасы (түзету)», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары», жобалар құрамына өндірістік бірлестіктің негізгі және қосалқы өрекеттері, сонымен қатар жоспарланған өрекеттер жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстар/қызметтер кіреді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдері).
Қоғамдық тыңдау өткізілетін аймақ	Тұлқараған ауданы, Таушық ауылы
Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны	2023 жылдың шілде айының 4 жұлдызында сағат 15:00-де Таушық ауылының әкімшілігінің ғимаратында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Карантиндік режим жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдау бейнеконференция (Microsoft Teams платформасы) арқылы өтеді. Конференция идентификаторы: https://www.mem.lip.kz/images/bnrs/partner_4.png .
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	Тапсырыс беруші – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті. «Казахстанский Институт Содействия Промышленности» ЖШС, Қарағанды облысы, Қарағанды Қ.Ө., Қарағанды к., Алапыкин көшесі, 12-үй, ЖСК: KZ636010191000305232, АО «Қазақстан Халық жинақ банкі», Тел.: 8 (721) 290-3074.
Құжаттамын әзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті, қоршаған ортаны және парниктік газдарды қорғау қызметі, Кожаяева С., тел.: 8 (7292) 21-11-34.
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://ecoportal.kz .
Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекен-жайы	s.kozhaeva@mmg.kz .
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы – Ағланова Арайлым, Тел.: 8 (7292) 43-10-88.
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы	mpur@mangystau.gov.kz , Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru .

№352

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Электр энергетикасы туралы» ҚР заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес сондай-ақ «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №514 бұйрығына Қазақстан Республикасы, Энергетика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы №192 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді басшылыққа ала отырып, «МАЗК» ЖШС 30.05.2023 ж. №67-п бұйрығымен станция шиналарынан электр энергиясын жіберу бағасы ҚҚС-сыз 1 квт/сағ үшін 19,24 теңге мөлшерінде бекітіліп, 01.06.2023 жылдан бастап қолданысқа енгізілетінін хабарлайды. Тариф құрамы: • «МАЗК» ЖШС энергия өндіруші ұйымының электр энергиясын сату бағасы, оның электр энергиясына шекті тарифтен аспайтын, ҚҚС-сыз 1 кВтс үшін 18,68 теңге мөлшерінде; • жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдауға ҚҚС-сыз 1 кВтс үшін 0,56 теңге мөлшерінде үстемеақылар.

«МАЗК» ЖШС әкімшілігі.

e-mail: xatf.mangystau@gmail.com / Газет сейсенбі, бейсенбі күндері шығады

Меншік иесі:
MAҢҒЫСТАУ MEDIA

Директор
Гүлмира ӘБІШЕВА

Қабылдау бөлімі, тел./факс:
20-48-34 mangystau.media@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде есепке қойылып, №КЗ60VPR00052105 күнәлігі 15.07.2022 ж. берілген.

МАҢҒЫСТАУ
Облыстық қоғамдық-саяси газет.
1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады.

Бас редактор
Ғалым ӨРІП
Редакция телефондары:
Бас редактордың орынбасары
В.Қозыбақова: 20-48-43

Аға дизайнер
Л.Мұратова: 20-48-37

Журналистер: Ү.Жәлеке, Г.Жеменей, Х.Құат, Ж.Нағымаш, А.Орынбаева, К.Сәрсенбаева, С.Рзахметов: 20-48-39

Беттеуші-дизайнерлер:
Ж.Абланова, М.Жаркынбай: 20-48-37

Фотоотілшілер:
Т.Құсайын, С.Майемеров

Кезекші редактор: К.Сәрсенбаева

«Маңғыстауға» жарнама, құттықтау, хабарландырулар жариялау үшін – 20-48-42

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС
баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29 «а»
тел.: 8 (7122) 45-86-60; 58-63-92

Таралымы: 3226
Индекс: 65492
Тапсырыс: 0597

А Жариялану ақысы төленген.

Бағасы көпесімді.

2 т.б.



Мекен-жайымыз:
Ақтау қаласы, 9-ша,
42/1-ғимарат.